

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ
МАГИСТРАТУРА ДЕҢГЕЙІ**

1крс 7M01704-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Кредит көлемі
БП 1	ТАҢДАУ КОМПАНЕНТІ	
1.	Тіл және мәдениетаралық коммуникация	5
	«Тіл және мәдениетаралық коммуникация» курсы қазіргі жаһандану үдерісінде ғылым салаларының толысуы мен бірігуіне, олардың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін пән.	
	<i>Кәсіби қазақ тілінің методологиясы</i>	
	Қазақ тілінің қалыптасуымен дамуына үлес қосқан ғалымдардың Еңбектерімен тұжырымдарын бүгінгі білім беру үдерісіндегі жаңа ойлармен сабақтастыра отырып меңгерту	
2.	Қазақ әңгімесінің поэтикасы	5
	Пәннің негізгі мақсаты - қазақ әдебиетіндегі әңгіменің жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін таныту. Магистрант қазақ әңгімелерінің жанрлық ерекшелігін, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі ұлттық идеяның көркем бейнеленуін, қазақ әңгімелеріндегі неонарративтіктің тууы мен метанарративтің жойылуына нақты мысалдар арқылы талдаулар жүргізуді меңгереді. Пәнді меңгеру арқылы алған білім нәтижелерін магистрант магистрлік диссертациясын жазу барысында немесе ғылыми мақалаларды әзірлегенде пайдаланады. Әңгіме жанрына байланысты фундаменталды білімдер жүйесін әңгімеге әдеби-теориялық талдай жасай біледі.	
	<i>Қазақ әдебиетінің даму үдерісі</i>	
	Қазақ әдебиеті – ұлттық сөз өнері тарихының елеулі бір кезеңін қамтиды. Пәннің мазмұнында ауызша дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзияның табиғи сабақтастығы, көркемдік, стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыда түсіндіріледі. Сонымен қатар, кезең әдебиетінің қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланысты дамыған ерекшеліктеріне де ғылыми баға беріледі. Қазақ әдебиетінің әлемдік озық көркемдік әдістермен, жанрлық-стильдік шеберлік үлгілерімен үндестігіне де айрықша назар аударылады. Әлемдік әдеби дамудың ортақ заңдылықтарын игерген, жаңашылдықпен түлеген реалистік әдебиетіміздің алыптары шығармаларындағы көркемдік шеберлік сырлары да тереңдетіле оқытылады	
3.	Грамматика теориясының негіздері	5
	Грамматикалық ұғымдар. Грамматикалық категория және түрлері. Сөздің морфологиялық құрылымы мен мағыналық бөлшектері. Тілдердің морфологиялық құрылымына қарай бөлінуі. Күрделі сөздің морфологиялық құрылымы. Грамматикалық категориялардың сөз таптарына қатысы. Сөз тіркесі және оның құрылымы. Сөйлемнің басты белгілері. Объективті модальдылық. Субъективті модальдылық. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемнің құрылымдық сипаты. Полипредикативті, монопредикативті құрылым.	
	<i>Морфологиялық типология</i>	

	<p>Морфологиялық және сөздің грамматикалық сипаты .Пәнді оқу нәтижесінде магистрант грамматикалық мағына мен лексикалық мағына арақатынасын ажырата алады. Негізгі грамматикалық ұғымдарды ұғынып оладың әрқайсысының ерешеліктерін түсініп , шегін ажырата біледі. Сөздің өзі морфологиялық жақтан грамматикалық мәні бар морфемалардан тұратынын және ол морфемалардың өзіндік семантикалық –грамматикалық сипаты болатындығын , оған сәйкес жіктелетінін біледі ,сөздердің морфологиялық құрамына талдай алады. Сөз мәдениеті теориясының филолософиялық , психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік негіздерін ажырата біледі. Сөз мәдениеті және оны қалыптастыруға қатысты зерттеу еңбектеріне талдау жасай алады.</p>	
КП 2	КӘСПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	
4	Қазақ сөз мәдениетінің негіздері	5
	<p>«Қазақ сөз мәдениетінің негіздері» пәні тілтанымдағы дәстүрлі парадигмалардың жаңа парадигмаларға ығысып орын беру үрдісімен де байланысты мәселелерді қамтиды. Ұлттық әдеби тілдің дәстүрлі нормаларын сақтау, оның дамуындағы негізгі үрдістерді айқындау, жаңа нормалардың сипаттамасын жасау мен сөздің коммуникативтік сапасы жөнінде лингвистикалық білімдерді жинақтайды. Қазіргі лингвистикадағы антропоцентристік бағытқа сәйкес қазақ сөз мәдениетінің іргелі ұғымдары мен аппараттарын, негізгі теориялық қағидалары мен басты ғылыми принциптерін меңгереді.</p>	
	<i>Қазіргі қазақ тілінің стилистикасы</i>	
	<p>Қазақ тілінің стилистикасы және тіл мәдениеті негізгі ұғымдары мен категориялары туралы базалық білім беру, кез-келген қазақ тілінің стилистикасы мәселелерінің ғылыми және қоғамдық проблемаларын жетік меңгеру, қазіргі қоғамдағы лингвоэкологиялық жағдаяттарды толық игерту, қазақ тілінің стилистикалық мәселелерін анықтап білу .</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазіргі әлемдік және қазақ тілінің стилистикасы ғылыми – теориялық мәселелерін анықтау; - ҚР -дағы қазақ тілінің стилистикасы және тіл мәдениеті негізгі аспектілерін мәселелерімен салыстыра отырып талдау жүргізу; - қазақ тілінің стилистикасының негізгі басты ұғымдарын анықтау; - қазіргі қазақ тілінің стилистикасының і негізгі тілдік факторларын дәйектеу. 	
5.	Тұлғааралық коммуникация	5
	<p>Тұлғааралық коммуникация» курсы қазіргі жаһандану үдерісінде ғылым салаларының толысуы мен бірігуіне, олардың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін пән.</p>	
	<i>Сөйлеу коммуникациясы</i>	
	<p>Коммуникация туралы қысқа мағынада түсіндірсек, ол адамдардың біріккен іс-әрекет барысында өзара қызығушылықтарымен, ойлары, көңілкүйі, сезімдерімен алмасу факті ретінде түсіндіріледі. Мұның барлығын ақпарат ретінде қарап, коммуникация процесін ақпарат алмасу процесі ретінде түсінуді мүмкін. Коммуникация мәнін түсінуде келесі сөздер кілттік болып табылады: байланыс, контакт, өзара әрекет, алмасу, біріктіру амалы. Адамдар арасындағы контакт тіл мен сөйлеу арқылы жүзеге асады.</p>	

	Сөйлеу коммуникациясының негізгі тәсілі болып табылады. Ол адам санасын белгілік жүйелер арқылы объективтеу ретінде қарастырылуы мүмкін. Қандайда бір ақпараттар арнайы белгілер арқылы бере аламыз, нақтырақ айтқанда белгілер жүйесі арқылы объективтеу ретінде қарастырылуы мүмкін.	
6.	Көркем бейне теориясы	5
	« Көркем бейне теориясы » пәні бейне, образ көркемдік шындыққа тән болғанымен, өмірлік негізінде жасалатындықтан, ақиқат өмірдегі кеңістік, уақыт, қоғам, заттар мен құбылыстардан алшақ кете алмайды. Сондай-ақ, образ ақиқат болмыспен біте қайнасып кетуге де тиіс емес. Оның сыры-образдың өмір сүру ортасына қатысты. Нақтылай түсер болсақ, образ ақиқат өмірден бастау алғанымен, көптеген шарттылықтар арқылы одан ажырап, көркем туындыдағы «қиялдан туған» әлемге көшеді. Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады.	
	Әдебиет теориясының методологиясы	
	Әдебиет теориясы - әдебиеттану ғылымының сөз өнерінің табиғатын, оның әдістері мен методологиясын, әдеби процесс, рухани-эстетикалық құндылықтар заңдылықтарын зерттейтін саласы. Әдебиет теориясы көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселелерін түп-түгел тек әдебиет теориясынан ғана танып білуге болады. Әдебиеттану ғылымындағы методологиялық мектептердің мақсаттары мен міндеттері, ірі өкілдері, ұстанған бағыттары туралы ой пікірлерді зерделеу.	
7.	Әдебиеттегі автордың шығармашылық шеберлігі	5
	Курстың басты мақсаты - магистранттарға көркем шығармашылықтың сан алуан ерекшеліктерін анықтау. Жазушының шығармашылық зертханасымен таныстыру негізінде шығармашылық үдеріс заңдылықтарын магистранттардың сезіне алуына көмек беру, қабілет деңгейіне байланысты оның технологиясы мен әдістемесін меңгерту. Көркем шығармашылық жұмыстарға тән жалпы заңдылықтар және көркем шығарманың қоғамдық әлеуметтік ортамен байланысы қарастырылады.	
	Қазақ әдебиеті сыны	
	Қазақ әдебиті сынының тарихының әдеби даму жолдарының қыр-сырын аңғару, талдау процесімен тікелей байланысты болғандықтан сынның туу және қалыптасу кезеңдерін әдебиет тарихына жанастыра көрсету. Қазақ әдебиеті сынының жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық, тиянақты білім беру.	

